


Сіздің телефон **HTC Desire**
Қысқаша нұсқау



Қандай да бір әрекет жасар алдында, мынаны оқып шығуыңызды өтінеміз

Аккумуляторды қуаттандыру

Сіздің телефоныңыздағы аккумулятор әлі қуаттанған жоқ. Телефонды қуаттандырған кезде еш жағдайда аккумуляторды алмаңыздар. Бұл сіздің телефоныңызды зақымдандыруы мүмкін. Сондай-ақ, телефонды бөлшектеуге тырыспаңыз (мұндай жағдайда сіздің кепілдігіңіз жарамсыз болып қалуы мүмкін).

Тарифтік жоспарды ойлап барып таңдаңыз

Сіздің телефоныңыз интернеттрафиктің үлкен көлемін тым тез жұмсауы мүмкін. Телефонды пайдалану алдында деректерді берудің жеделдігі туралы сіздің мобильді байланысыңыздың операторынан кеңес алуды табандылықпен ұсынамыз. Егер сізде әдеттегі тарифтік жоспар болса, шығындарыңыз елеулі өсуі мүмкін. Тіркелген төлемі бар тарифтік жоспарға өту анағұрлым тиімді болып табылуы мүмкін.


Азаматтардың жеке өмірін қорғайтын заңдар туралы есіңізде сақтаңыз

Кейбір елдерде телефон сөйлесулерін қалай және қашан жазып алуыңызға болатыны туралы қатаң заңдар қолданыста. Мысалы, жазуды бастар алдында өзіңіз сөйлесетін сөйлесушіні хабардар ету керек болуы мүмкін. Сіздің телефоныңыздың жазу функциясын пайдаланар алдында, Сіз тұратын елдің осындай заңдары туралы біліп алған жөн болады.

Қорытындысына біздің заң бөлімінен бірнеше маңызды сөз (ШЫҒЫНДАРҒА ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ)

Қолданыстағы заңмен максимальды рұқсат етілген дәрежеде НТС компаниясы немесе онымен аффилирленген компаниялар ешбір жағдайда сіздің алдыңызда, кез келген пайдаланушының немесе қандай да бір үшінші тұлғаның алдында контракт негізінде, азаматтық құқық бұзушылық немесе басқа да негізде кез келген түрдегі кез келген жанама, фактіге негізделген, келесі, кездейсоқ немесе айыптық шығындарға жауапкершілікте болмайды, оның ішінде дене зақымына, кірісті жоғалтуға, беделін жоғалтуға, жіберіп алынған коммерциялық мүмкіндіктерге, деректерді жоғалтуға және/немесе кірісті жоғалтуға шектеу қойылмай, осындай шығындардың мүмкіндігін алдын ала білуге болатынына және НТС компаниясы немесе онымен аффилирленген компаниялар олардың пайда болуы туралы хабарлар етілуіне байланысты емес түрде жауапкершілікте болмайды. Бұдан басқа, НТС компаниясы немесе онымен аффилирленген компаниялар жауапкершілігінің жалпы сомасы ешбір жағдайда сізден алынған сомадан аспайды, қуыным талап етілген құқықтық теория негізіне байланысты емес түрде. Жоғарыда көрсетілгендер қабыл алынбауы мүмкін емес заңды құқықтарға жатпайды.

Осы қысқаша анықтамалық нұсқау сізге телефонмен жұмыс істеп бастауға көмектеседі. Осы нұсқауда біз маңызды немесе пайдалы ақпаратты көрсету үшін мына символдарды пайдаланамыз:



Пайдаланушының толық нұсқауын және басқа да пайдалы ақпаратты алу үшін HTC компаниясының қолдау веб-сайтын www.htc.com/support мекенжайы бойынша көріп шығыңыз.

Мазмұны


1. Жеткізу комплектісінің құрамы	4
2. Телефонмен танысу	4
3. Телефонды қосу алдында	5
4. Жұмыстың басы	7
5. Байланысуларды қосу	9
6. Бірінші шақыруды қосу	10
7. HTC Sense	10
8. Интернетке қосылу	14
9. Хабарламалар	16
10. Достарыңызбен байланыста болыңыз	17
11. Телефондағы файлдармен жұмыс	18
12. Телефонды компьютермен үйлестіру	19
13. Резервтеу	21
14. Күйге келтіруді ығыстыру	22
15. Ақаулықтарды жою бойынша кеңестер	23

1. Жеткізу комплектісінің құрамы

Қораптың ішінде сіз мыналарды табасыз:

- Кнопкалар
- Аккумулятор
- USB-кабелі
- 3,5 мм ажыратқышы бар стереогарнитура
- Қоректенудің желілік адаптері
- microSD картасы (қондырылып қойылған)
- Осы қысқаша анықтамалық нұсқау
- Қауіпсіздік және стандарттарға сәйкестігі жөніндегі нұсқау

1. Телефонмен танысу




3.Телефонды қосу алдында



1.


Артқы қақпағын алыңыз

Артқы қақпағының жоғарғы бөлігін көтеріңіз. ҚОРЕКТЕНУ кнопкасының жанында, оны ашу үшін артқы қақпағын саусақпен іліп алуға болатын тайыз саңылау бар.




2.SIM-картаны орнату

1. SIM-картаны оның шап айылған бұрышы сыртқа қарайтындай етіп, алтынданған түйісуімен төмен қаратып салыңыз.
2. SIM-картаны тірекке дейін басыңыз.




3. Аккумуляторды орнату

1. Аккумулятордың шығып тұрған мыс байланысуларын аккумулятор бөлігінің ішіндегі байланысумен сыйыстырыңыз.
2. Алдымен аккумулятордың байланысу кесігін салыңыз, содан кейін аккумуляторды орнына тұрғызу үшін жайлап басып қалыңыз.



4. Артқы қақпағын орнына салыңыз

1. Алдымен артқы қақпағының төменгі бөлігін бекітіңіз, ондағы бар дөңісті телефонның артқы панелінің төменгі бөлігіндегі екі саңылаумен сыйыстыра отырып.
2. Артқы қақпақты ол орнына тұру үшін қырларынан және үстінен басыңыз. Артқы қақпақтың орнына түсуі шырт етумен расталады.



5. Аккумуляторды қуаттандыру

1. Желілік адаптерін телефоныңыздың төменгі бөлігіндегі USB ажыратқышына қосыңыз.
2. Аккумуляторды қуаттандыруды бастау үшін желілік адаптерді желілік розеткаға салыңыз. Аккумуляторды толық қуаттандыру үш сағат шамасын алады.

SIM-картасын, аккумуляторды, microSD зерде картасын орнатқаннан кейін және аккумуляторды қуаттандырғаннан кейін, сіздің телефоныңыз бірінші қосуға дайын. ҚОРЕКТЕНУ кнопоксын басып, телефоныңызды қосыңыз.

Өз телефоныңыздың мүмкіндіктерімен танысу үшін осы нұсқауды оқыңыз.

4. Жұмыстың басы

Бірінші қосу барысында телефон экранында оқу бағдарламалары мен эл. поштаның өз есеп жазбаларыңызды және сүйікті әлеуметтік желілеріңізді күйге келтіру бойынша нұсқаулар пайда болады. Экрандағы нұсқауларды орындай отырып, күйге келтіруді орындаңыз, немесе оны кейінірек орындау үшін бұл процедураны өткізіп жіберіңіз.

1. Телефонның өзіңіз пайдаланғыңыз келген тілін таңдаңыз, содан кейін **Бұдан әрі** дегенді басыңыз.

2. Алдымен телефон сіздің SIM-картаңызға сәйкес GPRS/3G, MMS және WAP қосылуларының параметрлерін автоматты түрде күйге келтіреді.

3. Телефон сізді оқу бағдарламасы арқылы экранды клавиатурасын пайдаланумен таныстырады. Экранды клавиатурамен жұмыс істеумен танысу үшін бағдарлама нұсқауларын орындаңыз. Оқу бағдарламасын қосуды болдырмау үшін **Өткізіп жіберу** дегенді басыңыз.

4. «Интернетке қосылу» экранында Интернетке қосылу тәсілін таңдаңыз, содан кейін **Бұдан әрі** дегенді басыңыз.

5. Сіздің эл.поштаңыз, байланысулар, ауа райы және басқа да деректер сияқты деректерді үйлестіру (автоматты түрде немесе қолмен) тәсілін таңдаңыз да, **Бұдан әрі** дегенді басыңыз.

6. Егер сіз Wi-Fi сымсыз желілер қолданысы аймағында болсаңыз, сізге Wi-Fi желісіне қосылу ұсынылатын болады. **Бұдан әрі** дегенді басыңыз, содан кейін сіз қосылғыңыз келген сымсыз желіге басыңыз, немесе **Wi-Fi желісіне қосылу** жалаушасын алып тастаңыз, содан кейін Wi-Fi бойынша кешірек қосылуды күйге келтіру үшін, **Бұдан әрі** дегенді басыңыз.

7. Ауа райы және Footprints сияқты телефонның кейбір функцияларына сіздің ағымдағы тұрған жеріңізді автоматты түрде анықтау үшін, Google орналасқан жері қызметіне қосылу талап етіледі. «Тұрған жерін анықтауға келісім» экранында сіз Google орналасқан жері қызметіне өзіңіздің тұрған жеріңіз туралы ақпарат жинауға рұқсат ете немесе тыйым сала аласыз. Жалаушаны қондырыңыз немесе алып тастаңыз, содан кейін **Бұдан әрі** дегенді басыңыз.

Бұл қызмет сіздің қызметті жеткізу арналарыңыз бойынша деректерді беруге қосымша шығындарға әкеліп соғуы мүмкін. Сіз бұл қызметті кейінірек өз телефоныңыздағы орналасқан жерді анықтау қызметінің күйге келтіруінде қосуға немесе өшіріп тастай аласыз.

8. «Есеп жазбаларын күйге келтіру» экранында өзіңіз күйге келтіргіңіз келетін есеп жазбасының түрін таңдаңыз да, күйге келтіруді орындау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Есеп жазбаларын кейінірек күйге келтіру үшін **Өткізіп жіберу** дегенге басыңыз.

Өз есеп жазбаларын күйге келтіргеннен кейін **Бұдан әрі** дегенді басыңыз.

9. «Әлеуметтік желілерді күйге келтіру» экранында өз телефоныңыздан кіруге мүмкіндік алғыңыз келетін әлеуметтік желісінің есеп жазбасының түрін таңдаңыз, мысалы, Fakebook немесе Twitter. Әлеуметтік желісінің өз есеп жазбаңызға кіру үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Әлеуметтік желісінің есеп жазбасын кейінірек күйге келтіру үшін, **Өткізіп жіберу** дегенге басыңыз.

Өз есеп жазбаларын күйге келтіргеннен кейін «Әлеуметтік желілерді күйге келтіру» экранында **Бұдан әрі** дегенді басыңыз.


10. Кейбір деректер мен күйге келтірулер зерде картасына резервтендіріледі. Егер сіз деректер мен күйге келтірулерді зерде картасына автоматты түрде резервтендіргіңіз келмесе, жалаушаны алып тастаңыз, содан кейін **ОК** дегенді басыңыз.

11. Соңғы экранда сіздің телефонды пайдалану туралы қосымша мәліметтерді қайдан алуға болатыны көрсетілетін болады. **Дайын** дегенді басыңыз.

5. Байланысуларды қосу

Телефонға байланысуларды бірнеше тәсілмен қосуға болады.



SIM-картадан барлық байланысуларды импорттау

1. Бастапқы экранда  > **Байланысулар**ды басыңыз.
2. **Барлық** деген қосымша бетте MENUге басыңыз. Содан кейін мынаған басыңыз: **Импорт/Экспорт > SIM-картадан импорттау**.

🗨 Егер сіз өз телефоныңыздағы Google және/немесе Exchange ActiveSync есептік жазбаларын пайдалансаңыз, импортталынатын байланысуларды тиянақтылау үшін сізге байланысудың түрін басуға тура келеді.

3. «Импорттау үшін байланысуларды таңдаңыз» экранында MENUге басыңыз, содан кейін **Барлығын импорттау** дегенге басыңыз.

Жаңа байланысуды қосу

1. Бастапқы экранда  > **Байланысулар**ды басыңыз.
2. **Барлығы** қосымша беттегі **Байланысуды қосуға** басыңыз.
3. **Аты** полесіне басыңыз, байланысудың аты мен фамилиясын енгізіңіз, содан кейін **ОК** дегенді басыңыз.
4. Экранды клавиатурасын көрсетпеу үшін  –ны басыңыз, **Атын көрсету** терезесін басыңыз, содан кейін өзіңіздің байланысулар тізімінде байланысудың атын көрсету тәсілін таңдаңыз.
5. **ОК** дегенді басыңыз.
6. Өзіңіздің байланысыңызды құрғыңыз келетін **Байланысудың есеп жазбасын** таңдаңыз.
7. Содан кейін тиісті полелерде байланысу туралы мәліметтерді енгізіңіз.
8. Экранды төмен қарай аяғына дейін жүргізіңіз. Содан кейін «**Сақтау**» дегенге басыңыз.

Басқа көздерден байланысуларды үйлестіру

Сіз өз телефоныңызды тез және проблемасыз Google, Mikrosoft Office Outlook, Outlook Express, Exchange ActiveSyns және тіпті Fakebook есеп жазбаларындағы өз байланысуларыңызбен үйлестіре аласыз. Мұны қалай істеу керек екені туралы біздің www.htc.com/support веб-сайтындағы пайдаланушының толық нұсқауымен танысыңыз.

6. Бірінші шақыруды орындау

1. Бастапқы экранда **Телефон** дегенді басыңыз, экранның төменгі жағында.
2. Өзіңіз телефон шалғыңыз келген нөмірді немесе байланысуды теріңіз, содан кейін **Телефон шалу** дегенді басыңыз.

Сіз экрандағы нөмірді теру клавишасына басқан шама бойынша, экранда сіздің телефоныңыздан және шақырулар тізімінен табылған сәйкестіктер көрсетілетін болады.


3. Сөйлесуді аяқтау үшін **Тоқтату** дегенді басыңыз.

7. HTC Sense

Сіздің телефоныңыз – «оны өзіңдікі қыл», «жаныңда бол» және «күтпегенді аш» деген үш негізгі принциптерде негізделген интуициялық түсінікті және органикалық интерфейстегі **HTC Sense** базасында құрылған.

Дербестелінген Бастапқы экран

Бастапқы экранды күйге келтіру төтенше оңай, ол сіздің өміріңізді жеңілдететін сіз үшін маңызды ақпарат пен құралдарды немесе қосымшаларды қосу үшін орын ұсына отырып, көрінетін мөлшерлермен шектелмейді. Сіздің телефоныңызда көрсетілетін сол жақта және оң жақта орналасқан жеті экранға дейін бар.



Кеңейтілген Бастапқы экранның басқа бөліктеріне көшу үшін саусақпен оңға немесе солға жүргізіңіз.

НЕМЕСЕ

Бастапқы экранның және кеңейтілген Бастапқы экранның суретін көрсету үшін бас және сұқ саусақтарыңызды шертпелі қозғалыспен түйістіріңіз, содан кейін өзіңіз өткізіп келген экранның эскизіне басыңыз.

- 💡 Телефонда не істесеңіз де, **ҮЙГЕ** кнопкасын кез келген уақытта баса аласыз, және тура Бастапқы экранға көше аласыз.

Виджеттер

Виджеттер тура Бастапқы экраннан маңызды ақпаратқа және мультимедиялық ішіндегісіне тез кіруге мүмкіндік ұсынады. Сіздің телефоныңызда виджеттердің кең таңдауы ұсынылған, ал бұлар жеткіліксіз болса, оларды Бастапқы экранға қосу үшін Интернеттен басқа да виджеттерді толтыра аласыз.

Виджеттерді Бастапқы экранға қосу үшін,  ты басыңыз, содан кейін **Виджет** дегенді басыңыз.

Сюжеттер

Бастапқы экранда элементтерді қалай ұйымдастыруды шеше алмадыңыз ба? Телефонда ұсынылған **Сюжеттер** дегенді қарап шығыңыз. Сюжеттер – бұл алдын ала күйге келтірілген Бастапқы экран макеттерінің нұсқалары. Бастапқы экранда **MENU**ге басыңыз. Содан кейін алдын ала белгіленуді көріп шығу үшін **Сюжеттер** дегенді басыңыз.

Алдын ала белгіленуді таңдағаннан кейін, сіз оны күйге келтіріп, жаңа сюжет ретінде сақтауыңызға болады.

1. Фон суретін өзгертіп, Бастапқы экранды күйге келтіріңіз. Сондайақ, сіз виджеттер, ярлыктар және басқаларын да қоса аласыз.

2. Күйге келтіруді аяқтағаннан кейін MENUге басыңыз, содан кейін **Сюжеттер** дегенді басыңыз.
3. **Ағымдағы (сақталмаған)** дегенді таңдаңыз, содан кейін **Сақтау** дегенді басыңыз.
4. **Сюжеттің атын** енгізіңіз және **Дайын** дегенді басыңыз.



Сіз пайдаланушы сюжетінің атауын өзгерте немесе жоя аласыз. Бастапқы экранда MENUге басыңыз, содан кейін **Күйге келтіру > Дербестендіру > Сюжеттер** дегенді басыңыз. **Менің сюжеттерім** тармағында сюжетті басыңыз да, біраз ұстап тұрыңыз, содан кейін қажетті өзгерістерді енгізіңіз.

Байланысулар

Ең маңызды байланысулардан тез шақыру үшін топты құрыңыз. Сіздің телефоныңызда барлық мәтіндік хабарламалар, эл.поштадағы диалогтар, Fakebook статусы, онлайнфотоальбомдары мен байланысулар үшін телефон шақыруларының журналдары бір жерде орналасқан.

Байланысудың атына басыңыз, сонда сіз сол адаммен соңғы диалогтарыңыздың бәрін қарап шыға аласыз.

Friend Stream

Әлеуметтік желідегі өз есеп жазбаңызды Friend Stream арқылы реттеңіз. Friend Stream арқылы тікелей әлеуметтік желіге өзіңіз не ойлағаныңыз туралы жаза аласыз, мәртебеңіздің жаңартылуын тексере аласыз, Twitter хабарламаларын оқи аласыз және әлеуметтік желілердегі есеп жазбаларыңыздан суреттер көре аласыз.

Жаңалықтар



Әрқашан оқиғалар туралы Интернеттен біліп отыру үшін жаңалықтар лентасына жазылыңыз. «ГҚосымша Жаңалықтар» сіздің RSS-арналарыңыздың сүйікті жаңалық сайттарыңызды, блогтарыңыз бен басқаларын да қадағалап отырады және ең жаңа жаңартулар мен подкасттарды толтырады.

Microsoft Exchange ActiveSyncs

Енді сіз ең жақсы телефонды пайдалана аласыз, осы ретте эл.пошта мен басқа да ақпаратты қауіпсіздікте сақтай отырып. Сіздің телефоныңыз парольды қорғау және алыстатылған тазарту сияқты Exchange қауіпсіздігінің кеңейтілген қолдау функциясына ие.

Сондайақ, сіз тура өз телефоныңыздан «Орнында жоқ» мәртебесін орната аласыз. Бұдан басқа, сіздің телефоныңызда ол туралы ақпарат жоқ тұлғамен байланысу үшін, сіздің компанияның жалпы мекенжай кітабына кіруге мүмкіндікті оңай ала аласыз.

8. Интернетке қосылу

Сіздің телефон қалтаңызға бүкіл Интернетті сидырады. Сіз Желіге деректерін беру үшін қосылу арқылы немесе Wi-Fi көмегімен кіре аласыз.

Деректерді беру үшін қосылуларды пайдалану

Бұл оңай. Телефонды бірінші рет қосқанда (қондырылған SIM-картасымен), ол автоматты түрде сіздің мобильді байланыс операторыңыздың деректерді беру қызметіне қосылуы керек.

Егер сіз автоматты түрде қосылмасаңыз, мына екі затты істеп көріңіз.

• Деректерді беру үшін іске қосылу қосылғанын тексеріңіз

Мүмкін сіздің деректерді беру үшін іске қосылуыңыз тіпті қосылмаған шығар. Оның қосылғанын тексеру үшін:

1. Бастапқы экранда MENUге басыңыз, содан кейін **Күйге келтіру** дегенді басыңыз.
2. **Сымсыз желілерге** басыңыз және іске қосылуды қосу үшін **Мобильді байланыс желісі** жалаушасын орнатыңыз.

• Мобильді желі дұрыс тандалғанын тексеріңіз.

1. Бастапқы экранда MENUге басыңыз, содан кейін **Күйге келтіру** дегенді басыңыз.

2. Сымсыз желілер > Мобильді байланыс желісін күйге келтіру > Байланыс операторлары немесе **Кіруге мүмкіндік нүктелерінің аты** дегенді басыңыз.

Wi-Fiды пайдалану

1. Бастапқы экранда MENUге басыңыз, содан кейін **Күйге келтіру > Сымсыз желілерге** басыңыз.


2. Wi-Fi функциясын қосу үшін, **Wi-Fi** жалаушасын орнатыңыз. Телефон қолжетімді сымсыз желілерін іздеуді жүргізеді.

3. **Wi-Fi күйге келтіруді** басыңыз. Сіз кез келген айқындалған Wi-Fi желісінің қауіпсіздік желілері мен күйге келтірулерінің аттарын көресіз.


4. Содан кейін қосылу үшін Wi-Fi желісін басыңыз. Егер сіз ашық желіні таңдасаңыз, сіз автоматты түрде қосыласыз. Егер сіз қорғалған желіні таңдасаңыз, кілтті енгізіңіз де, «Қосылу» дегенді басыңыз.

Веббеттерді қарап шығу

Сіздің телефоныңыздың браузері веббеттерді қарауды жеңіл және қызықты қылады.

1. Бастапқы экранда >**Шолушы** дегенді басыңыз.
2. Шолушы бағдарламасының экранында MENUге басыңыз. Содан кейін экранның жоғарғы жағындағы URL-ға басыңыз.
3. Вебмекенжайды енгізіңіз. Мекенжайды енгізу шарасы бойынша экранда веббеттер мекенжайларының сәйкестігі пайда болады. Тиісті веббетіне көшу үшін мекенжайға басыңыз, немесе өз таңдауыңыз бойынша вебмекенжайды енгізуді жалғастырыңыз, содан кейін **Енгізу**  клавишасын басыңыз.
4. Веббеттерді қарап шығу барысында қимылдар арқылы оны ірі немесе ұсақ қылуға болады.

Оны ірі қылу үшін бас және сұқ саусақтарыңызды веббетінде жылжытып, арасын ашыңыз.



Веббетін ұсақ қылу үшін бас және сұқ саусақтарыңызды шертпелі қозғалыспен қиылыстырыңыз.

9. Хабарламалар

Электронды поштаның өз есеп жазбаларыңызға тура өз телефоныңыздан кіруге мүмкіндік алыңыз.

POP3/IMAP эл.поштаның есеп жазбаларын қосу

1. Бастапқы экранда  ны басыңыз, содан кейін **Пошта** ны басыңыз

2. «Пошта операторын таңдау» экранында **Басқалары (POP3/IMAP)** ды басыңыз.

⊕ Егер сіз күйге келтіргіңіз келген есеп жазбасының түрі өз телефоныңыздың деректер базасында әлі жоқ болса, сізге көбірек мәлімет енгізуді ұсынады. Уақытты үнемдеу үшін, қолыңызда кіріс/шығыс поштасының сервері туралы ақпарат болсын. Егер сізде мұндай ақпарат болмаса, оны өз эл.поштаңыздың провайдерінен алуға болады.

3. Эл.поштаның есеп жазбасы үшін **Эл. пошта мекенжайы** және **Пароль**-ды енгізіңіз, содан кейін **Бұдан әрі** дегенді басыңыз.

4. Өз эл.поштаның есеп жазбасының күйін келтіруді аяқтау үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



Сондай-ақ, сіз Exchange ActiveSync есеп жазбасын күйге келтіре аласыз. Күйге келтіру процедурасы біздің веб-сайтта пайдаланушының нұсқауындағы «Электронды пошта» тарауында сипатталаған.


Эл. поштаның хабарламасын жіберу

1. Бастапқы экранда  ны басыңыз, содан кейін **Пошта** ны басыңыз.

2. Эл.поштаның есеп жазбасындағы «Кіріс» деген папкасында MENUге басыңыз, содан кейін **Жазу** дегенді басыңыз.

3. Бір немесе бірнеше алушыларды көрсетіңіз. Сіз мыналарды істей аласыз:

- **Кімге** полесінде эл. пошталарының мекенжайларын енгізуге. Егер бірнеше алушыға хабарлама жолдасаңыз, олардың эл.поштасының мекенжайын үтірмен бөле отырып, енгізе аласыз.

-  белгісін басыңыз, содан кейін сіз хабарлама жіберетін байланысуларды таңдап алыңыз. Барлық алушыларды таңдағаннан кейін **ОК** дегенді басыңыз.

4. Тақырыпты енгізіңіз, содан кейін хабарлама мәтінін енгізіңіз.

5. **Жіберуді** басыңыз.

10. Достарыңызбен байланыста болыңыз

Сіздің телефоныңызда өз достарыңызбен байланыста қалу үшін керектінің бәрі бар. **Байланысулар** мен **Friend Stream** барлық жетекші әлеуметтік желілерге тікелей кіруге мүмкіндік береді. Fakebookтағы өз мәртебеңізді жаңарта аласыз, өз онлайн альбомдарыңызда суреттерді көріп, Twitter блогында хат алмасулар жүргізе аласыз. Осының бәрі орнатылған және пайдалануға өте жеңіл.



Friend Stream, Fakebook және Peep (сіздің телефоныңызда Twitterклиент) туралы қосымша ақпарат алу үшін, біздің вебсайттағы пайдаланушының нұсқауында «Әлеуметтік желілер» тарауын көріңіз.

11. Телефондағы файлдармен жұмыс

Сіз қай жерде болмасаңыз да, өз файлдарыңызбен жұмыс істеңіз. Телефон арқылы Word, Excel, PowerPoint және PDF форматтарының файлдарын қарай аласыздар. Сондай-ақ, сіз музыка тыңдап, фотосуреттер мен бейнежазбалардың өз галереясын қарай аласыз.



Телефонға файлдарды көшіру алдында, оған microSD зерде картасын салу қажет.

1. Комплектіге кіретін USB-кабелі арқылы телефонды компьютерге қосыңыз.
2. Экранда «ЖКға қосу» деген диалог терезесі пайда болғанда, **Дисковод** дегенді таңдаңыз, содан кейін **Дайын** дегенді басыңыз.
3. Компьютерде қосылған телефон алынатын диск ретінде танылады. Осы алынатын дискіге өтіңізде, соны ашыңыз.
4. Файлдарды зерде картасына көшіріп алыңыз.
5. Файлдарды көшіргеннен кейін телефонды қауіпсіз суырып алу үшін компьютердің операциялық жүйесі талап ететіндей етіп, телефоныңызды ажыратыңыз.
6. Телефондағы Ескерту панелін ашыңыз, содан кейін **USB-жинаушыны сөндіру** дегенді басыңыз. Сұрауға жауап беруге **Сөндіру** дегенді басыңыз.
7. Телефонды компьютерден ажыратыңыз.

12. Телефонды компьютермен үйлестіру

Компьютер мен телефон арасында байланысулар мен Outlook күнтізбесі немесе Outlook Express байланысуларын үйлестіру үшін HTC Syns бағдарламасын пайдалануға болады.

microSD зерде картасында жеткізілетін HTC Syns бағдарламасын орнату

Орнату үшін microSD зерде картасында жеткізілетін HTC Syns орнатқышын пайдаланыңыз.

1. microSD зерде картасы телефонға салынғанына көз жеткізіңіз.
2. Комплектіге кіретін USB-кабелі арқылы телефонды компьютерге қосыңыз.
3. «ЖКға қосу» экраны деген пайда болады. **Дисковод** дегенді басыңыз, содан кейін **Дайын** дегенді басыңыз.
4. Компьютер сіздің телефоныңызды алынатын диск ретінде анықтайды (кез келген USB-жинағышына баламалы). Осы алынатын дискіні ашып, microSD зерде картасының ішіндегісін көре аласыз.
5. Компьютерге HTC Syns.exe файлын көшіріп алыңыз.
6. **ҮЙГЕ > МЕНЮ** дегенді басыңыз және **Ескертулер** дегенді басыңыз. Содан кейін **USB-жинаушыны сөндіру** дегенді басыңыз және **Сөндіру** дегенді басыңыз. Енді сіз телефонды компьютерден ажыратуыңызға болады.
7. Компьютерде HTC Syns.exe файлын екі рет шертіп қалыңыз, HTC Syns бағдарламасын орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

HTC Syns бағдарламасын күйге келтіру

Телефонды тану үшін және онымен үйлесу үшін, орнатқаннан кейін HTC Synсты күйге келтіріңіз

1. Телефонды компьютерге қосыңыз.
2. Телефон экранында «ЖКға қосу» деген пайда болғанда, **HTC Synсты** басыңыз, содан кейін **Дайын** дегенді басыңыз. Осыдан кейін сіздің телефоныңыз компьютерде HTC Syns дегенді табуға тырысады, бұл бірнеше секунд алуы мүмкін.

Егер телефон HTC Syns дегенді таба алмайды деп көрсетсе, USB-кабелін өшіріп, қайтадан қосып көріңіз, содан кейін 2-әрекетті қайталаңыз.

3. Сіздің телефоныңыз HTC Syns дегенді тапқанда, компьютерде «Телефонға қосылудың шебері» деген ашылады. **Бұдан әрі** дегенді басыңыз.

4. Телефонның атын енгізіңіз де, **Дайын** дегенді басыңыз.

5. Компьютердегі HTC Syns деген белгіге қараңыз. Егер ол жасыл болса, онда сіздің телефоныңыз компьютерге жалғанған және HTC Syns бағдарламасы телефонды тапқан.



6. HTC Syns деген жасыл белгіні екі рет шертіп қалыңыз. Содан кейін **Қазір үйлестіру** (немесе **Үйлестіру менеджері > Күйге келтіру**) дегенді басыңыз.

7. «Үйлестіруді күйге келтіру шеберінде» **Бұдан әрі** дегенді басыңыз.

8. Бірнеше келесі диалог терезелерінде үйлестіру қосымшасын (Outlook немесе Outlook Express), үйлестіру үшін ақпарат түрін (байланысулар және/немесе күнтізбесін) және олардың сіздің телефоныңызбен автоматты түрде үйлесуін таңдаңыз.

9. **Дайын** дегенді басыңыз.

Телефон мен компьютердің автоматты түрде үйлесуі

Сіздің телефоныңыз автоматты түрде компьютермен үйлесетініне көз жеткізу үшін мыналарды орындаңыз:

1. **ҮЙГЕ > МЕНЮ** дегенді басыңыз, содан кейін **Күйге келтіру > Қосымшалар > Әзірлеме** дегенді басыңыз.

2. **USB-тоқтату** жалаушасы орнатылғанына көз жеткізіңіз.


Енді әрқашан телефонды компьютерге қосқан кезде, үйлестіру автоматты түрде қосылатын болады.

HTC Syns бағдарламасының жаңартуларын толтыру

Сіз толтыра алатын және орната алатын HTC Syns үшін ең жаңа жаңартулардың болуын тексеру үшін, жиі-жиі біздің қолдау вебсайтымызға (www.htc.com/support) кіріп отырыңыз. Жаңартуды орнатқаннан кейін телефонды анықтап, онымен үйлесу үшін «HTC Syns бағдарламасын күйге келтіру» бөлімінде көрсетілген әрекеттерді орындап, тағы бір рет HTC Syns бағдарламасын күйге келтіріңіз.

13. Резервтеу

Деректерді жоғалту – сізбен болуы мүмкін ең жағымсыз заттардың бірі, сондықтан да сіздің телефоныңызбен мұндай жағдай болмауы үшін біз қамқорлық жасадық. Автоматты түрде резервтеу функциялары арқылы сіздің деректеріңіз жоғалмайтынына сенімді болуларыңыз керек.

 Сіздің деректеріңіздің резерв көшірмесін құру үшін, microSD зерде картасын салу керек.

Автоматты түрде резервтеу қосылып тұрғанын тексеріңіз

1. **ҮЙГЕ > МЕНЮ** дегенді басыңыз, содан кейін **Күйге келтіру** дегенді басыңыз.
2. Экранды төмен қарай жүргізіңіз де, **Құпиялылық > Деректердің резервтік көшірмесін құру** дегенді басыңыз.
3. **Деректердің резервтік көшірмесін құру** жалаушасы орнатылғанына көз жеткізіңіз.


Телефон мына деректердің резервтік көшірмесін құратын болады:

- SMS және MMS хабарламаларының;
- Клавиатура сөздігінің;
- Браузердің толтыруының;
- Күйге келтірудің.

Сіздің телефоныңыз microSD зерде картасына резервтей алатын деректер түрлерінің толық тізімін және телефонға резерв көшірмесінен деректерді қалпына келтіру тәсілін біздің вебсайтымыздағы пайдаланушы нұсқауының «Резервтеу» тарауында көріңіз.

14. Күйге келтірулерді ығыстыру

Бәрін «таза беттен» бастағыңыз келе ме? Егер сіз өз телефоныңызды басқа біреуге берсеңіз немесе бәрін басынан бастағыңыз келсе, күйге келтірудің ығыстыруын орындауға болады. Бұл шараға ойланбай баруға болмайды. Сіздің телефоныңыздың күйге келтіруін ығыстыру сіз толтырған және орнатқан барлық қосымшаларды қоса алғанда, сіздің барлық деректеріңізді өшіреді. Бұл сіздің телефоныңызды бірінші қосқанға дейінгі күйге қайтарады.

 Телефонның күйге келтіруін ығыстыру алдында сіз сақтағыңыз келген барлық деректердің резервтік көшіруі жүргізілгеніне көз жеткізіңіз.

Күйге келтіру меню арқылы телефонның күйге келтіруін ығыстыру

1. Телефон сөндірулі болғанда, **ДЫБЫСТЫ АЗАЙТУ** кнопкасын басып, ұстап тұрыңыз, содан кейін **ҚОРЕКТЕНУ** кнопкасын қысқамерзімді басыңыз.
2. Android 3 бейнелеуі бар экранының пайда болуын күтіңіз, содан кейін **ДЫБЫСЫН АЗАЙТУ** кнопкасын жіберіңіз.
3. **ЗЕРДЕСІН ТАЗАРТУ** дегенді таңдау үшін, **ДЫБЫСЫН АЗАЙТУ** кнопкасын басыңыз, содан кейін **ҚОРЕКТЕНУ** кнопкасын басыңыз.
4. Растауды сұрау барысында **ДЫБЫСЫН ҰЛҒАЙТУ** кнопкасын басыңыз.

Сіздің телефоныңыздың күйге келтіруін ығыстыру сіздің microSD зерде картасы ішіндегісін жоймайды.

15. Ақауларды жою жөніндегі кеңестер

Егер сіздің телефоныңызбен қандай да бір қиыншылықтар туған жағдайда, мына жерде сол ақаулықтарды жөндеу туралы кейбір кеңестер келтірілген.

- Қосымшаны іске қосу үшін телефонда бос орын жеткіліктілігін тексеріңіз.

Бос орынның болуын тексеру үшін Бастапқы экранға өтіңіз, **МЕНЮ**-ді басыңыз, содан кейін **Күйге келтіру > SD картасы және телефон зердесі** дегенді басыңыз.

- Өзіңіздің деректеріңізді жойыңыз да, қосымшалардың **КЭШ**-ін тазалаңыз.

Деректерді жойып, **КЭШ**-ті тазалау үшін үшін Бастапқы экранға өтіңіз, **МЕНЮ**-ді басыңыз, содан кейін **Күйге келтіру > Қосымшалар > Қосымшаларды басқару** дегенді басыңыз.

- Барлық шеттегі қосымшаларды жойыңыз.

Шеттегі қосымшаларды жою үшін, Бастапқы экранға өтіңіз, **МЕНЮ**-ді басыңыз, содан кейін **Күйге келтіру > Қосымшалар > Қосымшаларды басқару** дегенді басыңыз.

- Егер телефон сіздің әрекеттеріңізді сезінбесе, аккумуляторды алып шығыңыз, үш секунд күтіңіз, содан кейін аккумуляторды орнына салып, телефонды қосыңыз. Немесе маңызды деректердің резервтік көшіруін орындаңыз және телефонның күйге келтіруін ығыстыруды жүргізіңіз.

Күйге келтіруін ығыстыру үшін **ҮЙГЕ > МЕНЮ** дегенді басыңыз, содан кейін **Күйге келтіру > Құпиялылық > Зауыттық күйге келтіруге дейін ығыстыру** дегенді басыңыз.

- Қосымша жаңартулардың болуын тексеріңіз және www.htc.com/support жалпы вебсайтында пайдалы кеңестерді іздеп көріңіз.